

Жастар және сайлау

Жастарымызға маңызды тақырыпта ақпараттық-түсіндірме жұмысы жүргізілді

Ақпан айының алғашқы бейсенбісі – Дүниежүзілік сайлау күні.

2005 жылы Будапешттегі сайлау ұйымдастырушылардың жалпы конференциясында сайлау органдарының кәсіби мерекесі ретінде белгіленген және Біріккен Ұлттар Ұйымы қолдаған Дүниежүзілік сайлау күнін барлық ел атап өтеді. Биыл мереке 2 ақпанға келіп отыр.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент мәжілісін таратып, 19 наурызға мәжіліс депутаттарының кезектен тыс сайлауын тағайындады. 2022 жылғы жалпыхалықтық референдумнан кейін мәжіліс сайлауын өткізу тәртібіне бірқатар өзгеріс енгізілді. Осыған дейін саяси партиялар мен үкіметтік емес ұйымдар атынан ғана сайлауға түсуге рұқсат етілсе, алғаш рет азаматтар депутаттыққа өзін-өзі ұсына алады.

Дәл осы күні Меңдіқара аудандық аумақтық сайлау комиссиясы жастармен дөңгелек үстел өткізді.

«Сайлау – жастардың ісі» тақырыбында өткен іс-шараға аудандық Жастар ресурстық орталығының бөлек еріктілері және Кәмшат Дөненбаева атындағы Боровской кәсіптік-техникалық колледжінің студенттері қатысты.



Жастар арасында өткен дөңгелек үстел барысынан

Іс-шарада Меңдіқара аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Виктор Король және төрағаның орынбасары Алмагүл Бирманова жастарға ақпараттық-түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Сайлау алды жұмыстар жайлы айтылып, алдағы сайлаудың маңыздылығына тоқталды. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік жылдарындағы реформалар, алда келе жатқан сайлау науқаны туралы мағлұматтар айтылды. Еріктілер мен жастар қатары өзекті мәселеге терең үңіліп, көкейтесті сауалдарына жауап алды.

- Алдағы келе жатқан сайлаудың маңыздылығын түсініп, шара барысында керекті ақпарат алдық. Менің ойымша, алдағы келе жатқан сайлау еліміз және жастар үшін өте маңызды. Өз басым алдағы сайлауға алғаш рет қатысқалы отырмын. Кәмет жасқа толып өз дауысымды бере алатынымна қуаныштымын.

«Сайлау - жастардың ісі» тақырыбындағы өткізілген шарадан мен және менің замандастарым керекті ақпарат және болашаққа деген нық сенім алғандаймыз. Еліміздің осы күнге дейін жеткізілген

жетістіктері жайында сөз қозғап, жарқын болашағымыз жайлы айтылды, - деді колледж студенті Карина Исумбаева.

Дүниежүзілік сайлау күнімен тұспа-тұс келген шара барысында әр ерікті мен жастар қауымы маңызды ақпараттармен танысып, өзара пікір алмасуға зор мүмкіндік алды. Жоғары деңгейде өткізілген дөңгелек үстелден жастарымыздың алғаны көп болды. Болашаққа деген сенімдері арта түсіп, жоғары көңіл-күйге бөленді.

Тұрсынай МҰХТАРҚЫЗЫ